



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

gazeta\_eltilegi@mail.ru

# ЕЛ ТІЛЕГІ

№13 (973) Сейсенбі 7 сәуір 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде көмір өнеркәсібі мен генерациясын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов секторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.



«Мамырдың 1-не дейін алдағы жылу беру маусымына дайындық жөніндегі штабтарды құрып, тиісті іс-шаралар жоспарын бекіттіңіздер. Мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары 25 тамызға дейін толық аяқталуы тиіс. Әлеуметтік нысандарға сұйық және қатты отынды келісімшартта көрсетілген бағамен уақытылы жеткізіп, жылу қазандықтарын сұйық отыннан табиғи газға ауыстыру керек. Жылу орталығының қазандықтарын, желілерді жөндеу мерзімі 1 қазанға дейін деп белгіленген. Алдағы жылу беру маусымына дайындыққа күнделікті мониторинг жүргізіп, жұмыстың сапасына баса мән беру қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кетейік, өңірде жылу беру маусымы штаттық режимде, кедергісіз өтті. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы арқылы 124,8 мың тонна көмір жеткізілді. Ал алдағы жылу беру маусымына жалпы 111 мың тонна, тұрғындарға 93 мың, әлеуметтік нысандарға 18 мың тонна көмір қажет.

Қазіргі уақытта елді мекендерді

газдандыру қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы 11 ауылдың тұрғындары табиғи газ тұтынуды бастаса, биыл тағы 10 ауылға көгілдір отын жеткізу жоспарланған.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясын және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы салынды. Жоба «Акса энерджи» түрік компаниясының 215 млрд теңге инвестициясына жүзеге асты. Бүгінде

орталықтың 176 мегаватт электр энергиясын өндіру қуаттылығы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қолдауымен қуаттылығы 1100 мегаватт бу-газ қондырғысы салынады. Жобаны Ufbacon Concessions Investments WLL компаниясы мен «Самұрық-Қазына» қорының бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады. Қондырғыны 2029 жылы толық іске қосу жоспарланған.

## ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР – МІНДЕТТІ МЕЖЕ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасарының төрағалығымен мәжіліс өтіп, көмір өнеркәсібі мен генерациясын дамыту мәселелері талқыланды. Бұл жиындағы міндеттер бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов назарда тұрған мәселені әлі де ширату қажеттігін алға тартып, тиісті сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктелді.

Биылғы жылу беру маусымында қала бойынша 40 мың тонна көмір пайдаланылды. Бұл кезеңде көмір қорына қатысты ешқандай мәселе туындаған жоқ. Жеткізу жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Алдағы уақытта да осы бағыттағы шаралар жүйелі жүргізілетін болады.

– Келер жылға осы бастан қамдану керек. Ол үшін көмір жеткізушілермен келісім-шарттарды уақытылы жасасып, логистикалық мәселелерді алдын ала шешу маңызды.

Сонымен қатар, қазіргі таңда қала және оған қарасты елді мекендердегі газ жүргізілмей қалған аумақтарды газға қосуды ретімен шешуіміз керек. Оған байланысты нақты жоспарымыз бар, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында күн тәртібінен тыс бірқатар мәселелер талқыланды. Ол – аяқ су мәселесі. Қала аумағында шамамен 98,6 шақырымды құрайтын арық жүйелері бар.

Су жолдарына тіршілік нәрін жеткізу үшін қажетті шаралардың барлығы пысықталды. Насостар дайындалып, каналдар мен арық жүйелері тазартудан өткізілуде. Жоспар бойынша апта аяғына дейін аяқ су жіберу жүзеге асады.

– «Қызылорда тазалығы» және «KazStroyCapital» мекемелерін жұмылдырып 1 апта мерзім ішінде арық жүйелерінің картасын жасақтаумен қоса, аяқ су бармайтын учаскелерге суды толық жеткізу бойынша нақты ұсыныстар енгізілді. Жасыл желекке қажетті күтім жасауды қатаң тапсырамын. Барлық насос қондырғыларының толықтай іске қосылуын қамтамасыз ету керек, – деді шаһар басшысы.

Отырыста көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша да тиісті сала басшыларына тапсырма жүктелді. Айта кету керек, қазіргі таңда жасы жеткен ер азаматтардың әскери шақыру комиссиясына толық және уақытылы келуі ұйымдастырылуда.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды ресімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,  
8 777 752 54 63.



## КӨШЕТ АҒАШТАРЫ ЕГІЛДІ

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында бүгін ауқымды тал егу жұмыстары жүргізілді. Иіп шараға аудан әкімі Берік Сөрменбаев, мекеме қызметкерлері, ерікті жастар және аудан тұрғындары белсенді түрде қатысты.

Аталған акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, елді мекендерді көгалдандыру және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Осы бағытта ұйымдастырылған шара барысында аудан аумағында 2100 түп көшет отырғызылды.

Сонымен қатар, экологиялық акция

аясында тал егу жұмыстарымен қатар тазалық шаралары да кең көлемде ұйымдастырылды. Ауданда өткен жаппай сенбілік барысында көшелер мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылып, көктемгі абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

«Ел тілегі» ақпарат



## 23 СӘУІР – КІТАП ПЕН КІТАПХАНАШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КҮНІ

Қазақстанда Кітапханашылар күнін атап өту тәртібіне өзгеріс енгізілді. Енді кәсіби мереке 23 сәуірге белгіленді. Бұл күн Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күнімен сәйкес келеді.

Мерекелердің осылайша бір күнге тоғысуы оның мән-маңызын арттыра түсіп, кітапханалардың білім тарату мен мәдени мұраны сақтаудағы орны ерекше екенін айқындайды.

Жаңа күннің белгіленуі кітап мәдениетінің қоғамдық және кәсіби маңызын ұштастырып қана қоймай, іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Қазақстанда 12 мыңға жуық кітапхана жұмыс істейді. Бұл салада 20 мыңнан астам маман еңбек етеді. Айта кетейік, бұл күн ЮНЕСКО бекіткен Халықаралық кітап және авторлық құқық күнімен де сәйкес келеді.

## ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Онда ҚР Президенті Әкімшілігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімдері негізінде, Әділет министрлігінің бұйрығымен облыстық әділет департаментінің басшысы болып тағайындалған Әлмеш Баукен Серікұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, нотариалдық, адвокаттық, заң кеңесшілері қызметінің нәтижелілігін арттыру, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жандандыруға қатысты міндеттерді айқындады.

«Әділет министрлігімен өзара байланысты күшейтіп, өңірмізде нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу және сараптау жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Азаматтарымызға құқықтық қолдау көрсетуді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды тапсырамын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Баукен Серікұлы 1991 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде

«Құқықтану» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы Түркістан облыстық әділет департаментінде бастаған. Әр жылдары аталған департаментке қарасты Шымкент қалалық, Төлеби, Сарыағаш, Сайрам, Ордабасы аудандық әділет басқармаларында жауапты қызметтер атқарған.

2017-2023 жылдары Алматы облысы Ескелді аудандық әділет басқармасының басшысы, Қызылорда облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары болған.

2023 жылдан бері Ақмола облыстық әділет департаментінің басшысы лауазымында қызмет еткен.



### БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов Конституцияны түсіндіру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет еліміздің Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Қазіргі таңда сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Конституцияның барлық новеллалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

«Мәдениет және ақпарат министрлігі уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, осы бағытта жоспарлы жұмысты одан әрі жалғастыруы қажет. Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері халықтың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру жөніндегі

кешенді бағдарламаны уақтылы әзірлеп, Конституцияның тың қағидағтарын мектептер мен колледждердің және университеттердің үлгілік оқу бағдарламаларына енгізуді қамтамасыз етуге тиіс», - деп атап өтті Үкімет басшысы.

Сондай-ақ заңнаманы талдау жүргізіп, бағдарламалық құжаттарды өзектендіру жұмыстарын аяқтау тапсырылды.

«Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, белгіленген мерзімдерде қолданыстағы заңнамаға кешенді талдау жүргізіп, барлық заңдар мен бағдарламалық құжаттарды өзектендіру жұмыстарын аяқтау қажет. Барлық орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарға Іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуді тапсырамын», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

### «BIALI MARATHON 2026»

Қызылордада «AMANAT» партиясы облыстық филиалы «BIALI SPORT» ЖШС-мен бірлесіп, "BIALI MARATHON 2026" деп аталатын марафон өткізді. Ауқымды спорттық шараға 400 азамат қатысты.

Марафонның басты мақсаты – өңірде бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындардың белсенділігін арттыру болды. «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар да қатысып, шараның әлеуметтік маңызын арттырды. Сонымен қатар, «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері мен аманаттықтар да марафонға белсене қатысып, қоғамдық белсенділік танытты. Жарыс 5 және 10 шақырым қашықтықта ерлер және әйелдер санаты

бойынша өтті. Қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай сынга түсіп, өзара мықтыны анықтады.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай марафонның маңыздылығына тоқталып, бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығын нығайтудың маңызды бағыты екенін атап өтті. Сондай-ақ партияның сайлауалды бағдарламасы аясында өңірде бұқаралық спортты дамыту, спорт саласын қолдау бағытындағы жұмыстарды жеткізіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

«AMANAT» партиясы «Халықпен бірге!» деп аталатын сайлауалды бағдарламасында ұлт саулығын нығайту бағытында ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Мәселен, өткен жылы өңірде 6 спорттық нысан пайдалануға беріліп, нәтижесінде халықты спорттық инфрақұрылыммен қамту 1000 адамға шаққанда 56,5 пайызға жетті. Бүгінгі «BIALI SPORT» серіктестігімен бірлескен марафон да салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың бір көрінісі. Жакында «BIALI SPORT» серіктестігі, облыстық спорт басқармасымен бірлесіп, өңір тұрғындары арасында «AMANAT health» таңғы

жаттығу жобасын жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Бұл жоба 6 ай бойы жүргізіліп, үздіксіз жаттығу жасаған тұрғын айфон телефонымен марапталатын болады», деді Жандос Базартай.

Сондай-ақ, «BIALI SPORT» ЖШС төрағасы Асхат Шауқенбаев «AMANAT» партиясымен бірлесіп, өңір спортын дамытуға, бұқаралық спортты дамыту бағытында жұмыстар жалғасын атап өтті.

Атап өтейік, марафонның жалпы жұлде қоры 2 миллион теңгені құрады. Жұлдегерлер қаржылай сыйлықтармен марапатталып, барлық қатысушыларға арнайы медальдар табысталды.



### РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БОКС ТУРНИРИ ӨТТІ



Шиелі ауданында ауданның «Құрметті азаматы», ел дамуына сүбелі үлес қосқан ардақты тұлға Әбдіманап Шорабаевты еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы бокстан республикалық турнирдің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ауқымды спорттық шара Шиелі кентіндегі Тәуелсіздік көшесі бойында орналасқан заманауи спорт кешенінде ұйымдастырылды. Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан турнир жыл сайын өз ауқымын кеңейтіп, бұқаралық спортты дамытуға серпін беріп келеді.

Биыл 13-ші мәрте ұйымдастырылып отырған додаға еліміздің 12 облысынан 220-ға жуық жас былғары қолғап шеберлері қатысуда.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың жас спортшылар үшін үлкен тәжірибе аланы екенін атап өтті. Сондай-ақ, Әбдіманап Шорабаевтың әпкесі Әтірқұл Шорабаева сөз алып, турнирді ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, жас спортшыларға жеңіс пен жігер тіледі.

### БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ

Жалағаш ауданындағы Руханият орталығында бос жұмыс орындарының жәрмөңкесі өтті. Жәрмөңкеге аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов қатысып, ауданда жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыс іздеушілерді жұмыспен қамту бағытындағы мұндай шаралардың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, осындай жәрмөңкелер алдағы уақытта да тұрақты түрде ұйымдастырылатынын жеткізді.

Жұмыссыздықты азайту мақсатында өткен жәрмөңкеде 14 жұмыс беруші тарапынан 100-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды. Оның ішінде «Харвест Агро» компаниясы 87 тұрақты және маусымдық жұмыс орнын ұсынды. Нәтижесінде жәрмөңке барысында 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Қалған қатысушылар жұмыс берушілермен кездесіп, кеңес алып, түйіндемелерін жолдады.

### 15 ЖАСӨСПІРІМ АНЫҚТАЛДЫ

Қоғамдық тәртіпті сақтау және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Рейд барысында ойын-сауық орындары мен көшелер тексеріліп, нәтижесінде түнгі уақытта заңды өкілісіз жүрген 15 жасөспірім анықталды.

Анықталған жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды. Мұндай рейдтік шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатын болады.

### БАТЫРЛАРДЫ ЕСКЕ АЛУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Тәжік-Ауған шекарасынан қазақстандық әскерилердің шығарылығанына 25 жыл толуына және 7 сәуір – «Ерлік күніне» орай Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында әскери қақтығыстарда қаза тапқан жауынгерлерді еске алу шарасы ұйымдастырылды.

Еске алу рәсімінде ардагерлер, әскери қызметшілер мен қатысушылар арнайы ескерткішке гүл шоқтары қойып, ел тыныштығы жолында жанын қиған батырларды құрметпен еске алды. Олардың қайсарлығы мен табандылығы, Отан алдындағы адалдығы – бүгінгі бейбіт өмірдің берік іргетасы екенін атап өтті.

Шараға арнайы қатысқан қала әкімінің орынбасары Ділімұхамед Абиэзов жиналған жұртшылыққа ізгі ләзбін білдіріп, ел қорғаған ерлердің есімі мен ерлігі ұлт жадында мәңгі сақталатынын жеткізді.

– Отан алдындағы қасиетті борышын мінсіз атқарып, кеудесін оққа тосқан ержүрек жауынгерлердің алдында әрдайым бас иеміз. Қазақ халқы қашанда «Ер – елдің қорғаны» деп, батырлармен азаматтықтың қадірін жоғары бағалаған. Сондықтан ел қорғаған ерлердің өнегелі жолы ұрпақ

жадында мәңгі сақталады, – деді, Ділімұхамед Минуарбекұлы.

Сонымен қатар, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов пен Ардагерлер одағының «Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың» Қызылорда облыстық қоғамдық бірлестігі және Облыстық «Ерлік» үйлестіру кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Орынбайұлы сөз сөйлеп, бейбіт өмірдің бағасын ұғындыру, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет екенін атап өтті.

Жиында сондай-ақ денсаулығына байланысты қатыса алмаған Ермек Бекжановтың анасы сөз алып, жүрек тебіренетерлік естеліктерімен бөлісті. Өз кезегінде Марат Орынбайұлы батыр анаға құрмет көрсетіп, ығына ақ жаулық жауып, құрмет көрсетті.

### РЕВМАТОЛОГИЯ БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Жаналинов Данияр Еренғалұлы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әбілпатта Алмас Әбдіғашпарұлы, көпбейінді облыстық ауруханасының бас дәрігері Баймаханов Жасұлан Болатбекұлы және медицина саласының ардагерлері Тұрғанбай Маханұлы, Абдулла Шүленбаевтың қатысуымен көпбейінді облыстық ауруханасында 30 төсек-орынға арналған ревматология бөлімшесі ашылды.

Жаңа бөлімше Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық профилі бөлімшелерді кеңейту бағдарламасы аясында іске қосылды. Облыс тұрғындарына сапалы әрі уақытылы медициналық көмек көрсету, ревматологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау және тиімді ем жүргізу, сондай-ақ асқынулардың алдын алу мақсатында ашылған бөлімде ревматологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи тәсілдерін енгізуге мүмкіндік беріп, нәтижесінде пациенттерге кешенді және үздіксіз медициналық көмек көрсету деңгейі артаып болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2025 жылы Қызылорда

облысында қаңқа-бұлшықет аурулары және дәнекер тін ауруларымен 40 771 науқас тіркелген, оның ішінде 18 629 жаңа жағдай анықталған. Сонымен қатар, дәнекер тіннің жүйелі аурулары 642 жағдайды құрады.

Көпбейінді облыстық ауруханасында 2025 жылы 282 науқас стационарлық ем қабылдап, орташа ем қабылдау ұзақтығы 13,5 күнді құраса, қазіргі таңда 44 адам жоспарлы госпитализацияны күтуде. Осыған байланысты ревматология бөлімшесінің ашылуы – өңір халқы үшін жоғары мамандандырылған медициналық көмекті қолжетімді етіп, ауруларды ерте анықтау мен тиімді ем жүргізуге мол мүмкіндік береді.



### ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ



Жаз мезгілі басталысымен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Өкінішке қарай, балалардың терезеден құлау фактілері ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруынан, терезелерде қорғаныс құралдарының болмауынан және балалардың терезе алдында ойнауынан туындап отыр. Осыған орай, облыстық Төтенше жағдайлар департаменті жыл басынан бері 3000-ға жуық тұрғынға 20-дан астам түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз

аланында облыстық ТЖД Төтенше жағдайдың алдын алу басқармасының бастығы Асхат Оразбеков мәлімдеді.

– Бүгінде балалардың қауіпсіздігі - қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, көпқабатты тұрғын үйлерде балалардың ата-анасының қараусыз қалуы, терезеден немесе балконнан құлап кету жағдайлары алаңдаушылық туғызып отыр. Мұндай оқиғалар көбінесе ересектердің немқұрайлығы мен қауіпсіздік талаптарының сақталмауы салдарынан орын алады. Талдау көрсеткендей, балалардың

терезеден құлау фактілерінің негізгі себептері - ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруы, терезелерде арнайы қорғаныс құралдарының, яғни бекіткіштердің болмауы, сондай-ақ балалардың терезе маңында ойнауы. Сонымен қатар, балалардың терезе алдына шығып кетпеуі үшін жиһаздарды терезе жанына қоймаған жөн. Ата-аналар балалармен қауіпсіздік тақырыбында тұрақты түрде әңгіме жүргізіп, үлкен балаларды кішілерге қамқор болуға үйретуі тиіс. Ең тиімді шаралардың бірі терезелерге

арнайы блокираторлар орнату немесе тұтқаларына құлып қою, - деді Асхат Плалұлы.

Спикердің айтуынша, өңірде балалардың терезеден құлау фактілерінің алдын алу мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, көпқабатты тұрғын үйлердің кіреберістеріне, шағын маркеттер мен сауда орындарына ескерту парақтары ілініп, тұрғындармен түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, «Терезе» жедел алдын алу шарасы жүзеге асырылуда.



## «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның 2026жылға арналған электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтеріне (электрмен жабдықтау) шекті бағасының жоғарылатылуы және негіздеуші материалдары туралы АҚПАРАТ

### Құрметті тұтынушылар!

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚЭТТК») АҚ Әлеуметтік маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларының (бұдан әрі – қағидалар) 44-тармағына сәйкес электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратты Табиғи монополиядарды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментіне (бұдан әрі – Департамент) келісуге жіберілгені туралы хабарлайды, шекті бағаны көтеру 2026 жылғы 1 мамырдан бастап жоспарлануда.

### Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне сараланған шекті бағалардың жобасы

Қызылорда облысының тұтынушылары үшін жобаға сәйкес 1 кВт\*сағ үшін болжамды тарифтер ҚҚС-сыз:

- Орташа босату тарифі – 33,03 тенге, колданыстағы 28,3 тенге орташа босату тарифінен 4,73 тенге немесе 16,7% - га ұлғая отырып.
- Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 29,72 тенге
  - 1 денгей – 36,86 тенге;
  - 2 денгей – 35,67 тенге;
  - 3 денгей – 44,58 тенге.
- Бюджеттік ұйымдар үшін тариф – 50,52 тенге;
- Өзге тұтынушылар үшін тариф – 33,03 тенге;
- ӘМБАТТ кәсіпорындар үшін тариф – 33,03 тенге.

Электрмен жабдықтаудың шекті бағасын көтерудің негіздемеі:

1) Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге және электр қуатының жүктемесін көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге бағаның ұлғаюы нәтижесінде туындаған Қағидалардың 16-тармағына сәйкес келісілген шекті бағада ескерілген және нақты шығыстар арасындағы айырмасы.

2) жабдықтау үстемесінің ұлғаюы (ҚР заңнамасында белгіленген экологиялық апағ аймақтарында тұру үшін қосымша төлемдерді ескере отырып еңбекқақы төлеуге арналған шығындар (<https://stat.gov.kz>), материалдық шығындарды, өзге ұйымдардың қызметтері және т.б.).

Қазіргі таңда электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бойынша жоғарыда көрсетілген тарифтердің жобалары Департаментте қаралуда.

«ҚЭТТК» АҚ электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бағасының алдағы өсуі туралы толық ақпаратпен («Монополист» <https://monopolist.gov.kz>) және «ҚЭТТК» АҚ <https://www.krek.kz> сайттарында танысуға болады.

## ИНФОРМАЦИЯ

### АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» о повышении предельной цены на 2026 год на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) и обосновывающие материалы

#### Уважаемые потребители!

АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» (далее – АО «КРЭК») в соответствии с п. 44 Правил ценообразования на общественно значимых рынках (далее – Правила) информирует о направлении согласованной информации о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) в Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по Кызылординской области (далее – Департамент), повышение предельной цены планируется с 1 мая 2026 года.

#### Проект дифференцированных предельных цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение)

Согласно проекта прогнозные тарифы для потребителей Кызылординской области за 1 кВт\*час без НДС составляют:

- Среднеотпускной тариф – 33,03 тенге, с увеличением от действующего среднеотпускного тарифа 28,3 тенге или на 16,7%.
- Среднеотпускной тариф для физических лиц – 29,72 тенге
  - 1-уровень – 36,86 тенге;
  - 2-уровень – 35,67 тенге;
  - 3-уровень – 44,58 тенге.
- Для бюджетных организаций – 50,52 тенге;
- Для прочих потребителей – 33,03 тенге;
- Для предприятий СЗПТ – 33,03 тенге.

Обоснованиями повышения предельной цены на электроснабжение являются:

1) Разница между учтенными в согласованной предельной цене фактическими расходами, в соответствии с п. 16 Правил возникших в результате увеличения цен на услуги по передаче электроэнергии и на услуги по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки на рынке электрической мощности.

2) Увеличение снабженческой надбавки (затраты на оплату труда (<https://stat.gov.kz>), с учетом установленных законодательством РК дополнительных оплат за проживание в зонах экологического бедствия, материальные затраты, услуги сторонних организаций и др.).

Проекты вышеуказанных тарифов на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) в данное время находятся на рассмотрении в Департаменте.

Сполной информацией о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) АО «КРЭК» можно ознакомиться на сайте «Монополист» <https://monopolist.gov.kz> и сайте АО «КРЭК» <https://www.krek.kz/>



## ЖҮГЕРІ ДАҚЫЛЫН ТЕРЕҢ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері және ел ағаларының қатысуымен Сырдария ауданында жүгері дақпылын терең өңдеу зауытының іргетасын қалау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа жобаның басталуымен құттықтап, агроөнеркәсіп кешені дамуы бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

«Президентіміз айқындап берген экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер аясында аймағымызда нақты істерді кезек-кезеңімен жүзеге асырып келеміз.

Өткен жылы тамыз айында Жетісу өңіріне арнайы жұмыс сапарымен барып, еліміздегі ірі өндіріс орындарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауытымен» жан-жақты таныстық. Келіссөздер нәтижесінде серіктестіктің қолдауымен облысымызда жүгері дақпылын терең өңдейтін жаңа зауыт салу жөнінде маңызды келісімге қол жетті.

Бүгін аймағымыз, оның ішінде Сырдария ауданының тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәттің куәсі болуға жиналды. Жылына 150 мың тонна жүгері дақпылын терең өңдейтін, 40 млрд.тенгенің жаңа өндіріс орнының іргетасы қалануда. Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдыкталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Биылдан бастап жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңіріміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Терең өңдеуге бағытталған жүгері өндірісін қолға алған шаруаларға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі. Маңызды жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспін», – деді Нұрлыбек

Машбөкұлы.

Айта кету керек, 2022-2025 жылдары мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға 92,4 млрд.тенге бөлінді. Биыл бұл мақсатқа 34 млрд.800 млн.тенге қарастырылған. Шаруашылықтар есебінен 58 млрд.тенге астам инвестиция тартылды.

Өткен жылы ауыл шаруашылығында 11 млрд.600 млн.тенгенің 16 инвестициялық жобасы іске қосылып, саланың негізгі қорына тартылған инвестиция көлемі 74 пайызға артып, 2026-2028 жылдарға арналған инвестициялық жобалардың жол картасы әзірленіп, оған 138 млрд.200 млн.тенгенің 17 жобасы енгізілді. Жүйелі жұмыстың арқасында жалпы өнім көлемі жыл сайын өсіп келеді.

Мәселен, өткен жылы бұл көрсеткіш 233 млрд.450 млн.тенге болса, биыл 240 млрд.400 млн.тенге жеткізу жоспарланған.

«Ел тілегі» ақпарат

## Хабарландыру

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 20.05.2026 жылы сағат 10:00-да Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Теренөзек а., Қонаев к-сі 8, Мәдениет үйі мекен-жайында «Қазгермұнай» БК» ЖШС кен орындарында ұнғымаларды бұрғылау кезінде экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін жасалған жобалар бойынша <https://zoom.us/j/92384176751?pwd=QgLW00YnNqurGKxTGPAn8aysPS2VYZ.1> конференцияның Идентификаторы: 923 8417 6751, код: 045160 және сағат 11:00-де «Өңтүстік Ақшабулак кен орыны игеру жобасына қосымша» және «Шығыс Ақшабулак кен орыны игеру жобасына қосымша» жобаларына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INduli0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=94001613328>

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, код: 593597. Тапсырыс беруші - «Қазгермұнай» БК» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тасбоғет а., Амангелді көшесі 100, БИН 94024000021. Эл.пошта: [kgm@kgm.kz](mailto:kgm@kgm.kz)

Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056

Құжаттамалар <https://hearings.ndbecology.gov.kz> БЭК сайтында орналастырылған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz) электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдау өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: [ASultanova@kmge.kz](mailto:ASultanova@kmge.kz), [S.Moldabayev@kmge.kz](mailto:S.Moldabayev@kmge.kz), тел.: 87122556633 (ішкі.2211).

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Солтүстік Ендік 46.06° .4370» Шығыс Бойлық 65.18° 0285»

## Объявление

ТОО «СП «Казгермұнай» сообщает, что 20.05.2026 г. в 10:00 ч. по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренөзекский с.о., с. Теренөзек, ул. Қонаева, 8, в Доме Культуры проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту строительства скважин на месторождении ТОО «Казгермұнай» <https://zoom.us/j/92384176751?pwd=QgLW00YnNqurGKxTGPAn8aysPS2VYZ.1>

Идентификатор конференции: 923 8417 6751, Код: 045160, также в 11:00 по «Отчетом о возможных воздействиях» к проектам: «Дополнение к проекту разработки месторождения Ақшабулак Южный» и «Дополнение к проекту разработки месторождения Ақшабулак Восточный».

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке: <https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INduli0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=94001613328>

Идентификатор конференции: 755 591 3367, код: 593597.

Инициатор – ТОО «СП «Казгермұнай», Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, улица Амангелды 100, БИН 94024000021. Эл.адрес: [kgm@kgm.kz](mailto:kgm@kgm.kz)

Разработчик проекта – АФ ТОО «ҚМГ Инжиниринг», 060097, г. Атырау, мкр Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН 180541015056

Документация по заявочному пакету размещена на сайте ЕЭП <https://hearings.ndbecology.gov.kz>

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по электронной почте [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz)

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: [ASultanova@kmge.kz](mailto:ASultanova@kmge.kz), [S.Moldabayev@kmge.kz](mailto:S.Moldabayev@kmge.kz), тел.: 87122556633 (внутр.2211).

Географические координаты: Северная широта 46.06° .4370» Восточная долгота 65.18° 0285»

## 2026 жылдың Ітоқсанында Қармақшы ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ескераев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын: Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үйі	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы « 24 » наурыз № 15 / ө/нқ өкіміне 1 қосымша

## Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың ІІ-тоқсандағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	Сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үйі	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					



## ӨТІҢ АУЫРМАСЫН ДЕСЕҢ...

Өттің дұрыс жұмыс істеуі денсаулыққа елеулі қауіп төндіреді: жүрек айну, ауырлық, іш қату, желдену сияқты белгілер пайда болуы мүмкін. Бірақ күнделікті қарапайым қадамдар мен дұрыс тамақтану арқылы өттің қызметін жеңілдетіп, ауырсындан сақтануға болады.

Өттің дұрыс жұмыс істеуі денсаулыққа елеулі қауіп төндіреді: жүрек айну, ауырлық, іш қату, желдену сияқты белгілер пайда болуы мүмкін. Бірақ күнделікті қарапайым қадамдар мен дұрыс тамақтану арқылы өттің қызметін жеңілдетіп, ауырсындан сақтануға болады.

Стрестен аулақ бол – қатты уайымдап, ашуланып жүрсең өт бірден түйіліп қалады. Жүйке жүйесі мен өт тікелей байланысты. Кортизол (стресс гормоны) көбейсе, өттің ағуы нашарлайды, одан әрі қарай іш кебеді, оң жақ қабырғаның асты ауырады, тері солғын тартады. Күніне 10 минут тыныс алу жаттығуын жасау – бауыр мен өтке жасайтын ең үлкен жақсылығын.

Түнертең жылы су ішу – өттің жүруін іске қосады. Ашқарыңға, тамақтан бұрын ішкен жылы су ұйқыдан тұрғанда қоюланып тұрған

өтті айдауға көмектеседі. Ішетін суға бір тілім лимон қоссаң бауырдың жұмысы жеңілдейді.

Пайдалы майлар тұтыну – рациондында май болмаса, өт дұрыс шықпайды. Өт майға жауап ретінде бөлінеді, сол үшін тамақтануына сапалы сары май, өсімдік майы мен жануар майын қос, жаңғақ пен жұмыртқа же. Май өттің еркін ағуына, А, D, E, К дәрумендерінің сіңуіне, иммунитеттең күшеюіне көмектеседі.


Белсенді қимылдау – өт қозғалысты жақсы көреді. Аз-аздан жеңіл қимылдаудың өзі – профилактика. Денеді қозғалыс болмаса дұрыс тамақтансаң да айналым болмайды, яғни өттің ағуы қиындайды. Күн сайын жарты сағат йога, би, серуеннің өзі өттің толмауына көмектеседі.

Табиғи шөп шай ішу – фитошайлар өтке жақсы әсер етеді. Жалбыз, бақбақ секілді шөптерден жасалған шайлар түйілуі азайтып, өттің ағуын жеңілдетеді.

Ашы тағам тұтыну – бауыр мен өт ашыны жақсы көреді. Ашы дәм өттің табиғи түрде бөлінуін жүзеге асырады. Грейпфрут, шикорий, руккола, артишок сияқты ашы дәмді күнделікті аздап тұтынып отырсаң, ас қорыту жүйесінің

алғысын аласың.

Тұрақты тамақтану режимі – өт тәртіпті жақсы көреді, тәртіп бұзылса өттің ағысы да бұзылады. Ұзақ уақыт аш жүру өттің қоюлануына әкеледі, жиі-жиі тамақ жей беру де қиындық тудырады. Сондықтан күніне арасында 4-5 сағат үзіліс жасап 3-4 рет тамақтанған дұрыс. Сонда өт уақытында бөлініп, ас қорыту жеңілдейді, тері тазарып, салмақ та тұрақты болады.



## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕГІ МЕЙІРГЕРДІҢ РӨЛІ – КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мейіргердің ісі - әйелдер арасында танымал мамандық, бірақ хирургиялық мейіргерлер ерекше жан болып табылады, өйткені олар операция кезінде хирургтарға көмек көрсету құқығына ие.

Операциялық залда жұмыс тәжірибесі бар ең білікті мамандар ғана жұмыс істей алады. Операциялық мейіргерлер операциялық залдарды дайындайды, қажетті құралдарды, материалдар мен жабдықтарды таңдайды, асептика мен антисептиканың сақталуын бақылайды. Операциялық мейіргер бұл процестің барлық қатысушылары арасындағы байланысты құраушы. Операциялық залда шұғыл, күттіген жағдайлар жиі кездеседі, сондықтан операция жасаушы команда: хирург, ассистент, анестезиолог және операциялық мейіргер – операция сәттілігін кепілді. Мейіргердің төзімділігі, ұстамдылығы, жылдам реакциясы және кәсібилігі операция кезіндегі жұмыс атмосферасын қалыптастырады.

Операциялық мейіргерлер, басқа да медициналық басқа бөлімнің мейіргерлері сияқты емес олар жоғарғы пайызды дезинфекциялық ерітінділермен жұмыс жасайды және бактерицидті сәулелендіргіш ультракүлгін сәулесінің қауіптілігіменде жұмыс жасайды.

Мейіргерлер пациенттің өмірін сақтап қалуға күн сайын, тіпті операция бөлмесінің есіктерінің артында да көмектеседі. Пациенттер оларды тіпті есіне түсірмеуі мүмкін, бірақ олар ең қиын

сәттерде сол жерде болады. Операция бөлмесі ерекше дәлділдікті және жоғары деңгейде болуды, жылдам әрекет етуді, қатаң стерильділікті талап етеді.

Мейіргерлер хирургтармен және анестезиологтармен тығыз жұмыс істейді және әрбір деталь маңызды. Емделу кезінде емделушілермен бірге жүретін басқа бөлімдерден айырмашылығы, мейіргер міндеті ең маңызды кезеңде: операцияға дейін, операция кезінде және операциядан кейінгі кезеңде біркелкі жұмысты қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жерде қателікке орын жоқ, өйткені ең кішкентай бөлшектердің өзі нәтижеге әсер етуі мүмкін. Операциялық мейіргерлер өз жұмыстарында жауапкершілік және үздік қызмет қабілеттерін берік ұстанады. Белгілі бір саладағы дағдыларды шыңдауға көмектесетін ерекше мамандық иесін дайындап шығарады.

Науқастар көбінесе хирургиялық мейіргердің қаншалықты маңызды рөл атқаратынын түсінбейді, бірақ мейіргерлер олар үшін «көрінбейтін майдандағы жауынгер» болып қала берді. Олар үшін істейтін жұмысын және оның қаншалықты маңызды екенін біледі. Дәрігерлер мейіргердің маңыздылығын



жақсы түсінеді, іс жүзінде олардың екінші қолы болады. Операция сәттілігі көп жағдайда мейіргердің қаншалықты жылдам және тиімді жұмыс жасағанына байланысты. Бүгінде мейіргердің еңбегі бағаланып, мамандықтарының беделі арта түсуде.

Дүйсенова Айнуір  
АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,  
Облыстық перинаталды орталық



## ҚАСИЕТІНІҢ АЙНАЛДЫМ, АДЫРАСПАН

Бала күнімізде есіктің алдында жергөле болатын. Оған қыстың күні бақша өнімдерін сақтайтынбыз. Осы жергөліне айналдыра адыраспан өседі. Бала болғасын бұл қандай өсімдік екенін, нендей қасиеті барын біле бермейтінбіз. Бірақ кәдімгі арам шөп емесін байқайтынбыз. Өйткені есіктің алдын артық шөп-шаландан тазалағанда осы адыраспан ғана шабылмай қалады.

Жалпы адыраспанды не үшін «Қасиетінен айналдым адыраспан, мені саған жіберді Омар-Оспан» деген сертті айтып тұрып жұлмаудың да сыры бар. Өсімдіктің қасиеті болуы да тегін емес. Үлкендер жағынан осы туралы сұрағанымызда керемет оқиғаның тыңдарманы болатын едік. Ол кісілердің айтуынша, кезінде әзіреті Оспан әскермен жорыққа аттанып бара жатып, жол-жөнекей түнейді. Оспанның қалың қолмен келе жатқанын естіген жау, жасырын кеп ұйықтап жатқан әскердің аттарын босатып жібереді. Ертеулі атсыз алысқа бара алмайсың. Үдере қашқан жылқының арасынан әзіреті Оспанның аты бір түп адыраспанға шылбыры оратылып, кете алмай қалыпты дейді. Оспанның аты тұрған жерге босай қашқан жылқылар түгел жиналып, үйіріліп тұрыпты дейді. Шылбырды оратылған адыраспанды Оспан дорбасына салып алады. Жауын жеңіп ораған соң, Пайғамбарға болған жайды баяндап, шөпке «адыраспан» деп ат қойғанын айтады. Адыраспанның жасаған қызметіне риза болған Пайғамбарымыз: «Әскерімді аман алып қалған адыраспан, менің үмбетіме қызмет етсін» деп дем салған екен. Пайғамбардың өзі дем салған шөпті сертін айтып жұлуға болмайтыны содан дегенді еститінбіз. Аңызға бергісіз әңгіменің түп-төркіні осы еді.

Жалпы адыраспанның қасиеті, түрлі ауруға емдік шипасы бар екенін жақсы білеміз. Қазіргі медицинада қолданыста жүрген дәрі-дәрмектердің 40 пайызға жуығы емдік қасиеті бар өсімдіктерден жасалады екен. Қоршаған орта өскіндерінің адам ағзаларын жақсартуға осындай өлшеусіз көмегі барын біздің ата-бабаларымыз бағзы замандардан бері жақсы білген. Сол себепті оны босағаға іліп қойып, түтінмен үйдің ішін түгел аластап, осы арқылы отбасын алуан түрлі бәле-жаледен сақтауға тырысқан. Үлкендердің балаларға «бұл шөпті жұлмаңдар, өйткені ол қасиетті, шипалы шөп» деп жататынын жиі естіген шығарсыздар. Негізі адыраспан – көпжылдық өсімдік. Оның сабағы бұтақшасы, тамыры дінгекті, жапырақтары тілімденген, кезектесіп орналасқан. Қазақстанда адыраспанның бір-ақ түрі өседі екен. Биіктігі 20- 60

см. Гүлдену мерзімі – мамыр, маусым айлары. Адыраспанның тұқымында 3,5-6 пайыз алкалоид, 60 пайыз гармалин, 30 пайыз гармин және шамалы ғана мөшерде гармалол бар. Бұдан басқа аздау көлемде пеганидин, пегамин, дезоксипеганидин, пеганол болады екен. Тамырында 1,7- 3,3 пайыз, сабағында 0,23-3,57 пайыз, жапырағында 1,07-4,96 пайыз, гүлінде 2,82 пайыз, жемісінде 1,08 пайыз, тұқымында 2,38-4,59 пайыз алкалоидты заттар, хиализин мен индол да табылады. Зерттеулерге сүйенсек, бұл шөптің көптеген ауруға пайдасы бар.

Әдетте емшілер шипалы өсімдіктердің гүлінен, жапырағы мен тамырынан дәрі-дәрмек жасаған. Осы көп ауруға қолданылатын дәрілік шөптердің қатарында біз айтып отырған адыраспан да бар. Адыраспанды емдік қасиетте пайдалану үшін оны гүлденген кезінде жинап алу керек. Сосын оны кептіріп, біраз уақытқа сақтайды. Медицинада адыраспаннан жасалған дәрілер қабыну ауруын, бас, тер шығару, ішек құрттарын өлтіру, қан қысымын көтеру, тыныс алуы жипілету, асқазан мен жүректің жұмысын ретке келтіруге септігін тигізеді. Сонымен бірге адыраспанды қайнатып, одан шыққан тұнбаны ішкі мүшелерге суық тигенде, безгек, мерез ауруларынан айықтыру үшін пайдаланады.

Адыраспанның тағы бір ерекше қасиеті – өкпе ауруына таптырмас ем екендігі. Өкпе туберкулезі, демікпе, еңтікпе, тағы да басқа әртүрлі ауруларға шалдыққанда адыраспанмен емделуге болады. Әсіресе суық тиіп, ауру азықсыз, адамның денесі мұздап, қалтырап қызуы көтерілгенде, адыраспан қайнатпасын ішсе, ауруды жеңілдетеді. Қазақ халқы тұрмыста бесікті аластау үшін де адыраспанды пайдаланған. Баланы бесікке саларда шипалы шөпті түтетіп, нәрестені келе жатқан бөледен, қауіп-қатерден сақтап, тыныш әрі шошынбай ұйықтауы үшін аластап шығатын болған. Көп жерде үйдегі жандардың бірі тұмауратса, осы шөпті түтетіп, үйді түгел аластап шығады. Бірақ адыраспан – улы өсімдіктердің қатарында. Оның улы екенін түтеткенде шығатын ашы иісінен-ақ байқауға болады.

Бір қызығы, бұл қасиетті шөпті жұлууды да өзіндік әдебі, тәртібі бар. Кезінде үлкен кісілер, емдік шөптің қасиетін білгендер оны өсіп тұрған жерінен кез келген уақытта, қалай болса солай жұлып алуға болмайтынын ескертіп отырған көрінеді. Адыраспанды жаңа жоғарыда айтқанымыздай, толық гүлдеп, қауыз толып, тұқымы толық піскен кезде ғана жұлаған.

## ШҰБАТТЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ


Түйе сүті емдік қасиеті жағынан аса жоғары бағаланады. Себебі түйе сүті құрамында май, ақуыз, минералдық заттар өте көп. Оның құрамындағы жеке компоненттер өзгермелі болып келеді, яғни түйенің сауылу кезеңіне, жыл мезгілдеріне, жақсы қоректендірілуіне, түр және тұқымдық ерекшеліктеріне қарай үнемі өзгеріп отырады.

Мамандар шұбатта ақуыздың бірнеше түрі (казейн, альбумин) және құрамында азоты бар қосылыстар мен аминқышқылдар кездеседі дейді. Даңқты бабамыз Әбу Әли ибн Сина: «Адам ағзасына пайдалы шөптердің дені құмда өседі», - деген екен. Ал түйе жануары үнемі құмда, сортаң жерде жүргендіктен тұла бойы емдік қасиетке тұнып тұрады. Сәйкесінше, шұбатта ми мен жүйке жүйесіне пайдалы кант лактозасы, диабет, ісік аллергиясы, бауыр қабынуы мен псориазға қарсы дененің иммунитетін арттыратын антигеталар бар.

Түйе сүтінің емдік қасиеті мол болғандықтан, халық емшілері жануар сүтіне шомылдырып, қан-тамыр, жел-күз ауруларын емдеген. Ағзаны жасарту мақсатында ішкен.

Шұбаттың құрамында кальций, мыс, темір, магний, мырыш секілді микроэлементтер және фосфор мен күкірт бар.

Құрамы осындай макро және микро элементтерге бай шұбатты қазақтың халық емінде өкпе, асқазан аурулары, қарқұлақ, мешел ауруларымен қоса созылмалы түрлі дерттерден әлсіреген ағзаны қайта қалпына келтіру үшін қолданған және ағза ұланғанда да емге пайдаланған. Әсіресе, шұбат түрлі өкпе дертінің барлық түріне шипа.



## ҚАЗАҚСТАНДА КҮТІЛЕТІН ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ ТАРИХИ ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ

1991 жылдан бастап 2025 жылды қоса алғандағы кезеңдегі демографиялық деректерді талдау халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулық жағдайында түбегейлі өзгерістер болғанын көрсетеді. Қазақстандықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы (КӨҰ) 75,97 жасқа жетіп, тәуелсіз мемлекеттің тарихындағы абсолютті рекордты құрды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, 1991 жылы, КӨҰ орташа көрсеткіші 67,6 жасты (2001 жыл – 65,6, 2011 жыл – 68,98, 2021 жыл – 70,23) құрды. Осылайша, үш жарым онжылдық ішінде ел азаматтарының орташа өмір сүру ұзақтығы 8 жылдан астам уақытқа артты.

Өмір сүру ұзақтығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – инфекциялық емес аурулармен (ИЕА) күрес бойынша іске асырылып жатқан шаралар.

2025 жылы Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірінде инфекциялық емес аурулардан болатын өлімді 25%-ға төмендеткен елдердің алғашқы ондығына енді. Бұл көрсеткіш ДДҰ-ның Еуропалық жұмыс бағдарламасының нысаналы индикаторы болып табылады.

Оң динамика денсаулық сақтау жүйесін дамыту, халықтың өмір сапасын жақсарту және өлімді төмендету бойынша мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін айғақтайды.

Қазақстан Үкіметі 2029 жылға дейінгі денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде елдегі күтілетін өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу жөнінде өршіл мақсат қойып отыр.

Меншік иесі:  
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53/PY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның  
мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тарапмы 8536 дүна  
Индекс 66503  
Тапсырыс №77

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/